



Автор: УТАРБАЕВ САМАТ МИНДАГАЛИЕВИЧ

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Физикалық география/Табиғи-аумақтық кешендер

Тақырып: Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.4.1.1 дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіреді.
Сабақтың мақсаты:	1.Дүниежүзі халықтарын тілдік әулеттерге ажыратады. 2.Дүниежүзі халықтарының тілдік топтарға жіктелуінің басты себептерін анықтап,талдайды. 3.Дүниежүзі елдерінің этникалық құрамының күрделі болуы елдің дамуын сипаттай алады.
Тілдік мақсаттар:	Лексика мен терминология: этнолингвистика, этнос, халық, ұлт, классификация, лингвафранка. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Дүниежүзінде тілдердің саны жетеді. Классификацияны ерекшеліктерін топта талқылаймыз. Дүниежүзі тілдерінің жуығын қамтитын..... тіл әулеті бар. Дүниежүзінде ең көп таралған әулеттерінің бірі, ол.....
Бағалау критерийлері:	Білу, түсіну-Дүниежүзінде таралған халықтар және тілдер туралы біледі, тілдік ерекшелігі бойынша топтарға ажырата алады. Қолдану- мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып, дүниежүзіндегі кең таралған тілдерге кесте құрастырып сипаттайды. Талдау - Халықтарды топтастырып олардың географиялық орналасуындағы ерекшеліктерін түсіндіреді, жіктейді
Құндылықтарды дарыту:	-өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; -сенімді қарым-қатынас жасау қабілеті; - топтық және жұптық жұмыстарда бір-бірін қолдап-қуаттау, өмір бойы білім алу.
Пәнаралық байланыс:	Тарих-халықтардың этникалық құрамы байланысады. Қазақстан аумағындағы этносаяси қауымдастықтың қалыптасуында байланысады Математика -халық көрсеткіштерін есептеуде байланысады.
Бастапқы білім:	Дүниежүзі халықтарының әрқелкі орналасуын, әр түрлі мәдениетке ие екендігі туралы біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері Ұйымдастыру кезеңі. -ынтымақтастық атмосферасы «Әр қашан күн сөнбесін» әуенін айту. Этнос, халық, ұлт терминдері бойынша топқа бөлу -топтастыру Үйге тапсырма сұрау «Кім жылдам» әдісі	Оқу материалдары, Маркер,Флипчарт,

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30-35 мин)	<p>«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі Жаңа тақырып бойынша этнос, халық, ұлт терминдерін тақтаға жазып ,оқушыларға осы атауларға қатысты сұрақтар беру. 1. Қайда?Бұл терминдерді бұрынырақта қайда және қандаймағына кездестірдіңіз? 2. Қалай? Осы атауларды қолданудыңмысалдарын келтіре аласыз ба? 3. Қандай? Осы сабақта бұл атауларқандай қолданыста болады деп ойлайсыз? «Ойлан Жұптас Пікірлес» әдісі 1-топқа Халықтарының этнолингвистикалық классификациясы. 2-топқа Тіләулеттері 3-топқа Қазақстан аумағында тұратын этностар Жұмыстыорындауға әр топ постер қорғайды. Сергіту сәті. «Арқаға сурет салу » «Ойқозғау» әдісі деңгейлік тапсырмалар беріледі. 1-тапсырма Төмендегі тілтоптарын ретімен орналастырып, сәйкестендіру. Роман болгарлар,чехтар,поляктар Иран молдавандар, француздар,румундер Славяннорвегтер, америкалықтар,шведтер Герман якуттер,хакастар,татарларТүркі парсылар,тәжіктер,хазарлар 2-тапсырма бойынша оқушылар атлас картаны қолданып дүниежүзіндегі тіл топтарына талдау жасайды: - Дүниежүзі халықтарының орналасуының ерекшеліктерін, себептерін түсіндіру. - Ең көп таралған тіл әулеттерін анықтап оларға сипаттама беру.</p> <p>Бағалау критерийі Дискриптор Балл халықтың тілдік топтары бойынша топтастыру және олардың таралу ерекшеліктері. Халықты тіл әулеттері бойынша топтастыра біледі. +- Халықты тіл әулеттері бойынша топтастыруда картамен жұмыс жасай алады +- Дүниежүзі халықтарының орналасуының ерекшеліктерін, себептерін талдайды. +- 3-тапсырма \Оқулықпен жұмыс.\ Қазақстандағы аумағында тұратын этностар кестесін толтыру және оның пайыздық есебін шығару. Ұлттар Ұлттар саны Пайыздық көрсеткіші %</p>	Интербелсенді тақта Оқулық А-4 форматындағы қағаз. Маркерлер, Флипчарт,
Сабақтың соңы	<p>Сабақтың қорытындысы: Оқушылар өзін-өзі бағалауын ұйымдастыра отырып,кері байланыс жасалады. «Бес саусақ» әдісі Бас бармақ - Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды? Балалы үйрек - Мен жұпта \топта қалай жұмыс жасадым. Ортан терек - Мен бүгін қандай білім алдым? Шылдыр шүмек - Сабақ ұнадыма ? Кішкентай бөбек -Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім? Үйге тапсырма: Дүниежүзі тілдердің таралуын кескін картаға түсіру.</p>	Маркер Флипчарт
Рефлексия	<p>Бұл тарауда сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	